

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1989>***Л. Қ. Құмар¹, Р. О. Жуманбаева²**^{1,2}Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2637-0936>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-8686>*e-mail: kumarlaura1996@gmail.com

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАҒАМ МОТИВІ: ЗЕРТТЕЛУІНЕ ҒЫЛЫМИ ШОЛУ

Мақала әлем әдебиетіндегі тағам мотивінің зерттелуіне арналған ғылыми еңбектерге шолу жасауға бағытталған. Зерттеу нысаны ретінде шетел әдебиетіндегі тағамның көркемдік, символдық және сюжеттік қызметін қарастыратын әдебиеттанулық еңбектер алынған. Мақала ғылыми шолу және әдебиеттанулық талдау тәсілдеріне негізделеді. Зерттеу барысында тағам мотивінің көркем мәтіндегі мағыналық жүктемесі, кейіпкерді сипаттаудағы, сюжет құрудағы және авторлық идеяны жеткізудегі қызметі туралы шетелдік зерттеулер қарастырылып, тақырыпты зерттеудің негізгі ғылыми бағыттары жүйеленеді. Атап айтқанда, Д. Харрис шығармаларындағы гастрономиялық мотивтерге қатысты зерттеулер, балалар әдебиетіндегі тағамның қызметін қарастырған W. R. Katz еңбектері, Н. В. Гоголь шығармаларындағы тағам символикасына арналған зерттеулер мен вахикалық лексиканы мәдени-семиотикалық және лингвопоэтикалық тұрғыдан қарастырған Т. Г. Бочина, О. А. Димитриева еңбектері талданады. Осы негізде тағам мотивін зерттеудің негізгі теориялық қырлары анықталып, әлем әдебиетіндегі тағам бейнесінің көркемдік және семантикалық қызметі айқындалады. Зерттеу нәтижелері тағам мотивінің көркем мәтіндегі мағыналық және эстетикалық қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мақала әлем әдебиетіндегі тағам мотивін зерттеуге қатысты әдебиеттанулық көзқарастарды жүйелеумен қатар қазақ әдебиеттануында осы бағыттағы зерттеулердің теориялық негізін қалыптастыруға ықпал етеді және болашақ зерттеулер үшін әдіснамалық бағдар ұсынады.

Kілтті сөздер: тағам мотиві, әлем әдебиеті, символика, сюжет, кейіпкер, авторлық идиостиль, әдеби талдау.

Кіріспе

Әдебиеттануда мотив көркем мәтінде қайталанып кездесетін және шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуға қызмет ететін мағыналық элемент болып табылады. Мотив белгілі бір образ, оқиға, деталь немесе символ түрінде көрініп, мәтіннің құрылымдық және мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді. Ол кейіпкерлердің мінезін ашуға, шығарманың көркемдік әлемін қалыптастыруға және автордың идеялық ұстанымын жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мотив көркем шығармада белгілі бір мәдени, әлеуметтік немесе тарихи мағынаны білдіретін тұрақты компонент ретінде де қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тағам мотиві көркем мәтінде тағамға, ас ішуге немесе дастарқан мәдениетіне байланысты көріністер арқылы кейіпкерлердің өмір салтын, мәдени ортасын және авторлық идеяны ашатын көркемдік элемент болып саналады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде шетел әдебиетіндегі тағамның көркемдік, символдық және сюжеттік қызметін қарастырған ғылыми еңбектер мен әдебиеттанулық зерттеулер алынды. Зерттеу ғылыми шолу және әдебиеттанулық талдау тәсілдеріне негізделді. Жұмыста тағам мотивіне қатысты шетелдік зерттеулер қарастырылып, олардың негізгі ғылыми бағыттары мен теориялық тұжырымдары жүйеленді. Сонымен қатар әртүрлі авторлардың еңбектеріндегі тағам мотивінің көркем мәтіндегі қызметіне қатысты тұжырымдар салыстырмалы түрде талданып, зерттеудің негізгі әдіснамалық қырлары анықталды. Осы негізде тағам мотивін зерттеудің әдебиеттанудағы негізгі бағыттары айқындалып, олардың көркем мәтінді интерпретациялаудағы маңызы көрсетілді.

Нәтижелер және талқылау

Әдебиеттегі тағам бейнесі соңғы жылдары мәдениеттану, антропология және әдебиеттану ғылымдарының тоғысындағы маңызды зерттеу нысанына айналды. Ғалымдар тағамды тек тұрмыстық қажеттілік ретінде емес, белгілі бір қоғамның мәдени құндылықтарын, әлеуметтік қатынастарын және дүниетанымдық ерекшеліктерін білдіретін символдық жүйе ретінде қарастырады. Мысалы, Roland Barthes тағамды мәдени коммуникацияның ерекше формасы ретінде сипаттап, оның адамдар арасындағы әлеуметтік және мәдени қатынастарды бейнелейтін белгілік жүйе екенін атап көрсеткен [1]. Ғалымның пікірінше, тағам тек биологиялық қажеттілік емес, ол белгілі бір мәдени кодқа ие құбылыс. Тағамның мәдени мағынасы туралы зерттеулерде Massimo Montanari еңбектері ерекше орын алады. Ол тағамды мәдениеттің маңызды

элементі ретінде қарастырып, оның өндірілуі, дайындалуы және тұтынылуы қоғамның тарихи тәжірибесімен тығыз байланысты екенін көрсетеді [2].

Ал Sidney W. Mintz тағамның әлеуметтік сипатына назар аударып, тағам мәдениеті белгілі бір тарихи кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік жағдайлармен анықталатынын дәлелдейді [3]. Тағамның мәдени және символдық қызметін антропологиялық тұрғыдан түсіндіруде Claude Lévi-Strauss еңбектері де маңызды. Ғалым тағам дайындау процесін табиғат пен мәдениетті байланыстыратын құбылыс ретінде қарастырады [4]. Әдебиеттегі тағам бейнесінің көркемдік қызметін зерттеген Wendy R. Katz тағам көріністері кейіпкер мінезін ашуда және әлеуметтік қатынастарды бейнелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді: «*Food in children's literature is rarely incidental; it often reveals character and social relationships*» [5,192-6.].

Әдеби шығармалардағы тағам бейнесін зерттеу халықтың дүниетанымы мен мәдени болмысын тануға мүмкіндік береді. Бұл туралы ол: «*Food may function as a symbol of comfort, love, celebration, or power*» - деп тағамның көркем мәтінде символдық қызмет те атқара алатынын айтады [5,194-6]. Ол тағамды әлеуметтік биліктің белгісі ретінде де көрсетеді.

Тағам көріністері белгілі бір халықтың мәдени дәстүрлері мен құндылықтарын да бейнелейді. Британдық жазушы Dzh. Harris «Chocolat» атты романын жазған [6]. Романға тақырып ретінде адамның еркіндігі, өмірдің қуанышын сезіну және қоғамдағы дәстүр мен жаңашылдықтың қақтығысы алынған. Шығармада шағын қаладағы тұрғындардың өмірі арқылы адамдардың сенімі, әдет-ғұрпы және бір-біріне деген көзқарасы бейнеленеді. Сонымен қатар романда тағам, әсіресе шоколад, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақындататын символ ретінде көрсетіледі. Романның идеясы – адам өз өмірін еркін таңдап, қорқыныш пен қатаң догмаларға бағынбай өмір сүруі керек деген ойды жеткізу. Басты кейіпкер Виан Роше адамдарға қуаныш, мейірім және еркіндік сезімін береді. Ол ашқан шоколад дүкені арқылы қала тұрғындары өз қалауын түсініп, өмірдің қарапайым ләззатын сезіне бастайды. Жазушы Dzh. Harris бұл шығармада тағамды, дәм мен иісті адамның сезімі мен өткен өмір жайлы естелігін білдіретін көркемдік құрал ретінде қолданады. Романның басты идеясы толеранттылық, адамгершілік және өмірдің сұлулығын қабылдау болып табылады. Аталмыш авторды шығармаларында тағам бейнесін ерекше көркемдік құрал ретінде қолданатын қазіргі заманғы британ жазушысы ретінде тануымызға болады. Жазушы «Chocolat» романынан кейін «Пять четвертинок апельсина» (2001) романын жазады. Шығармада екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Франциядағы ауыл өмірі, отбасы тарихы және өткен шақтың құпиялары туралы баяндалады. Романның сюжеті Фрамбуаза Симон есімді әйелдің туған ауылына қайта оралуынан басталады. Ол анасының ескі дәптері мен рецепттері арқылы

өз отбасының өткен өмірін, соғыс кезіндегі оқиғаларды және жасырын құпияларды еске түсіреді. Шығармада тағам, әсіресе жемістер мен ас дайындау рецептері, кейіпкерлердің естеліктері және ішкі сезімдерімен тығыз байланыста беріледі. Романда қарастырылатын тақырыптар: отбасы тарихы мен ұрпақтар байланысы; соғыс кезіндегі ауыл өмірі; өткен шақтың құпиялары мен естеліктер; тағам мен дәм арқылы сақталған мәдени жады. Автор осыларды суреттеп, адам өткенді түсіну арқылы өзін және өмірін түсінеді деген ойды береді. Романда адамның жасаған әрекеттері уақыт өте келе маңызды әрі кең ауқымды нәтижелерге әкелуі мүмкін екені көркемдік тәсілдер арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар шығармада естеліктер, отбасы дәстүрі және тағам мәдениеті адамның өмірінде маңызды орын алатыны бейнеленеді. Бұл романда тағам кейіпкерлердің сезімін, естелігін және мәдени ортасын ашатын көркемдік символ ретінде қолданылады. «Пять четвертинок апельсина» романындағы «тағам» концептосферасының көркем мәтінде берілу ерекшеліктерін қарастырған О. А. Каркавина Джоанн Харрис романдарында гастрономиялық элементтер жазушының жеке стилінің маңызды бөлігі екені көрсетіп, тағам атаулары мен кулинариялық бейнелер мәтіндегі көркем әлемді құруда, эмоциялық әсер мен образдылық қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Автордың пікірінше, «гастрономические включения рассматриваются как неотъемлемый компонент идиостиля писательницы, отражающий индивидуально-авторскую концептуальную картину мира» [7, с. 150]. Яғни тағамға қатысты лексика жазушының дүниетанымын және көркемдік ойлау жүйесін танытатын негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында тағамға қатысты сөздер лексика-семантикалық өріс ретінде қарастырылып, оның ядросын өнім атаулары (жемістер, көкөністер, дәмдеуіштер), ал басқа аймақтарын тағам атаулары, тағам дайындау процесі, тағамның дәмі мен қасиеттерін сипаттайтын сөздер құрайтыны көрсетіледі. Мақалада көркем шығармадағы тағамның бірнеше негізгі қызметі анықталған. Біріншіден, ол сюжетті дамытуға қатысады, себебі романдағы оқиғалар кейде кулинариялық рецепттер арқылы беріледі. Екіншіден, тағам кейіпкерлердің әлеуметтік және тұлғалық сипаттамасын ашуға көмектеседі. Үшіншіден, гастрономиялық лексика мәтінде көркем образдар мен эмоциялық әсер қалыптастырады. Зерттеуші романда тағам бейнесі символдық мәнге де ие болатынын атап өтеді. Мысалы, апельсин бейнесі кейде жағымсыз эмоциялар мен қайшылықтарды білдіретін символ ретінде қолданылады.

А. М. Ранчин «Мёртвые души» поэмасындағы тағам бейнесінің көркемдік және символикалық мағынасын талдап, шығарма авторы Н. В. Гоголь помещиктер бейнесін ашуда гастрономиялық детальдарды маңызды көркемдік құрал ретінде қолданғанын көрсеткен. Зерттеуші тағам

көріністері арқылы кейіпкерлердің мінезі, рухани деңгейі және өмірлік ұстанымы айқындалатынын атап өтеді. Автор поэмадағы «гастрономиялық кодты» талдай отырып, кейіпкерлерді Манилов пен Плюшкин, Коробочка мен Собакевич деп екі негізгі жұпқа бөледі. Манилов бейнесінде тағам нақты сипатталмайды, ол көбіне бос әңгіме мен жасанды сыпайылықтың көлеңкесінде қалады, бұл оның рухани әлсіздігін көрсетеді. Ал Плюшкин бейнесінде тағам бұзылған, ескірген күйде көрінеді, бұл кейіпкердің рухани азғындауын білдіретін символ ретінде түсіндіріледі. Коробочка бейнесінде блин мен бал сияқты тағамдардың берілуі славяндардың жерлеу және еске алу дәстүрлерімен байланыстырылып түсіндіріледі. Бұл тағамдар кейіпкердің мифологиялық және фольклорлық сипатымен астасып жатады. Ал Собакевич бейнесінде тағамның молдығы мен қомағайлығы арқылы оның дөрекілігі ашылады. Оның тамақ жеуі эпикалық сипаттағы әсірелеумен беріліп, кейіпкердің рухани әлемінің тарлығын көрсетеді. Мақалада Ноздревтің гастрономиялық талғамы да қарастырылып, оның тағам дайындаудағы бейберекеттігі мінезінің тұрақсыздығымен байланыстырылып түсіндіріледі [8].

А. М. Ранчин зерттеуі бойынша «Мёртвые души» поэмасындағы тағам бейнесі кейіпкерлердің мінезін ашу, рухани құлдырауды көрсету, ұлттық мәдениетті бейнелеу және символдық мағына жасау сияқты бірнеше қызмет атқарады. Зерттеу мақаласынан Гогольдің тағамды рухани және моральдық күйдің көркемдік көрсеткіші ретінде қолданғанын көруге болады. Зерттеуші Гоголь шығармасында тағам бейнесі тек тұрмыстық деталь ғана емес, кейіпкерлердің рухани болмысын ашатын маңызды символдық элемент екенін көрсетеді.

Тағам мен сусын бейнелерінің эстетикалық қызметі М. А. Булгаков шығармалары негізінде зерттелген. Бұл зерттеуде тағам мен сусын бейнелерінің эстетикалық белсенділігі көркем мәтінде ерекше образдық жүйе қалыптастырып, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты және сюжеттік дамуды толықтыруға ықпал ететіні туралы тұжырымдар жасалған [9, 204–224-бб.].

Көркем әдебиеттегі шарап ішу құбылысын мәдени-семиотикалық және лингвопоэтикалық тұрғыдан да қарастырылған. «В художественном тексте ситуация винопития исследуется в рамках гастрономической картины мира произведения в ряду взаимосвязанных бытовых деталей: в таких изысканиях, как правило, фокусируется внимание на номинациях объектов винопития и их роли в структуре произведения» [10,569-6]. Зерттеуде XIX ғасырдың екінші жартысынан қазіргі кезеңге дейінгі прозалық шығармалардан алынған мысалдар негізінде шарап ішу көріністерінің көркем мәтіндегі мағынасы мен қызметі талданған. Автор вакхикалық лексика арқылы әдеби мәтінде мәдени дәстүрлер, тарихи кезең ерекшеліктері және кейіпкерлердің мінез-құлқы көрінетінін зерттеп, мәтіндегі шарап ішу жағдайының бірнеше қызмет

атқаратынын анықтайды. Біріншіден, ол сюжет құрушы қызмет атқарады, яғни оқиға дамуына әсер етеді. Екіншіден, тарихи-мәдени фонды бейнелейтін контекст ретінде қолданылады. Үшіншіден, кейіпкердің мінезін сипаттайтын көркемдік құрал болып табылады. Сонымен қатар зерттеу көркем мәтінде белгілі бір дәуірдің әлеуметтік-мәдени шындығы және автордың жеке тілдік стилі қалай көрінетінін көрсетеді. Мақалада шарап ішу көріністері де әдеби шығармада жай тұрмыстық деталь емес, мәдени мағынасы бар символдық және поэтикалық элемент ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шетелдік көркем шығармалардағы тағамға қатысты көріністер авторлық стильдің маңызды компоненті болып табылады. Тағам мәтінде символдық мәнге ие болып, сюжеттің дамуына ықпал етеді, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әлеуметтік жағдайын ашады, сондай-ақ оқырманға эмоционалды әсер қалдырады. Шетелдік әдеби зерттеулер тағам мотивін түрлі аспектіде қарастырып, көркем мәтіндегі оның символдық мәнін, сюжет құрылымындағы және кейіпкерлер бейнесін ашудағы рөлін айқындайды. Сонымен қатар тағам мотивін талдау авторлық идиостильді, мәдени кодты тануға мүмкіндік береді. Аталған шетелдік зерттеулерді ескере отырып, қазақ әдебиетінде тағам мотивінің көркемдік, символдық және идеялық қызметтерін зерттеу болашақ зерттеулер үшін әдіснамалық бағдар ұсынатынын айтуымызға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Barthes, R.** Toward a Psychosociology of Contemporary Food Consumption // Food and Culture: A Reader / ed. by C. Counihan, P. Van Esterik. – New York : Routledge, 1997. – P. 20–27.

2 **Montanari, M.** Food Is Culture. – New York : Columbia University Press, 2006. – 168 p.

3 **Mintz, S. W.** Sweetness and Power: The Place of Sugar in Modern History. – New York : Penguin Books, 1985. – 274 p.

4 **Levi-Strauss, C.** The Raw and the Cooked: Introduction to a Science of Mythology. – New York : Harper & Row, 1969. – 444 p.

5 **Katz, W. R.** Some Uses of Food in Children's Literature. Children's Literature in Education. Vol. 11, No. 4, 1980, pp. 192–199

6 **Harris, J.** Chocolat / J. Harris. – London : Doubleday, 1999. – 336 p.

7 **Каркавина, О. А.** Особенности репрезентации концептосферы «еда» в романе Джоанн Харрис «Пять четвертинок апельсина». [Электронный ресурс]. – <https://elibrary.ru/item.asp?id=43825177>

8 **Ранчин, А. М.** Символика еды в поэме Н. В. Гоголя «Мертвые души» <https://portal-slovo.ru/philology/41261.php>

9 **Химич, В. В.** Эстетическая активность образов еды и питья в произведениях Михаила Булгакова // Известия Уральского государственного университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2006. Т. 47. № 12. С. 204–224

10 **Бочина, Т. Г., Дмитриева, О. А.** Репрезентация вакхической картины мира в пространстве художественного текста. Вестник Российского университета дружбы народов. Серия : Теория языка. Семиотика. Семантика. 2024 Vol. 15 No. 2 С. 567–580

REFERENCES

1 **Barthes, R.** *Toward a Psychosociology of Contemporary Food Consumption* // *Food and Culture: A Reader* / red. C. Counihan, P. Van Esterik. – New York : Routledge, 1997. – P. 20–27.

2 **Montanari, M.** *Food Is Culture*. – New York : Columbia University Press, 2006. – 168 p.

3 **Mintz, S. W.** *Sweetness and Power: The Place of Sugar in Modern History*. – New York : Penguin Books, 1985. – 274 p.

4 **Lévi-Strauss, C.** *The Raw and the Cooked: Introduction to a Science of Mythology*. – New York : Harper & Row, 1969. – 444 p.

5 **Katz, W. R.** *Some Uses of Food in Children's Literature*. *Children's Literature in Education*. Vol. 11. – No. 4. – 1980. – P. 192–199.

6 **Harris, Dzh.** *Chocolat* / Dzh. Harris. – London : Doubleday, 1999. – 336 p.

7 **Karkavina, O. A.** Osobennosti reprezentatsii kontseptosfery «eda» v romane Dzhoann Harris «Piat' chetvertinok apel'sina». – Elektronnyĭ resurs: <https://elibrary.ru/item.asp?id=43825177>

8 **Ranchin, A. M.** Simvolika edy v poeme N.V. Gogolia «Mertyve dushi». – Elektronnyĭ resurs: <https://portal-slovo.ru/philology/41261.php>

9 **Khimich, V. V.** Esteticheskaya aktivnost' obrazov edy i pit'ia v proizvedeniiakh Mikhaïla Bulgakova // *Izvestiia Uralskogo gosudarstvennogo universiteta*. Serii 2: Gumanitarnye nauki. 2006. – T. 47. – № 12. – P. 204–224.

10 **Bochina, T. G., Dimitrieva, O. A.** Reprezentatsiia vakhicheskoi kartiny mira v prostranstve khudozhestvennogo teksta // *Vestnik Rossiiskogo universiteta družby narodov*. Serii 2: Teoriia iazyka. Semiotika. Semantika. 2024. Vol. 15 No. 2. S. 567–580.

27.11.25 ж. баспаға түсті.

17.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Л. К. Кумар¹, Р. О. Жуманбаева²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 27.11.25.

Поступило с исправлениями 17.01.26

Принято в печать 21.05.26.

МОТИВ ЕДЫ В МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: НАУЧНЫЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ

Статья направлена на обзор научных исследований, посвящённых изучению мотива еды в мировой литературе. В качестве объекта исследования использованы литературоведческие труды, рассматривающие художественную, символическую и сюжетную функции еды в зарубежной литературе. Работа основана на методах научного обзора и литературоведческого анализа. В ходе исследования рассматриваются зарубежные научные работы, в которых анализируется смысловая нагрузка мотива еды в художественном тексте, его роль в характеристике персонажей, построении сюжета и выражении авторской идеи, а также систематизируются основные научные направления изучения данной темы. В частности, анализируются исследования гастрономических мотивов в произведениях Джоанн Харрис, работы W. R. Katz, посвящённые функции еды в детской литературе, исследования символики еды в произведениях Н. В. Гоголя, а также труды Т. Г. Бочинной и О. А. Димитриевой, рассматривающие вакхическую лексику с культурно-семиотической и лингвопоэтической точек зрения. На этой основе определяются основные теоретические аспекты изучения мотива еды и выявляется художественная и семантическая функции образа еды в мировой литературе. Результаты исследования позволяют глубже понять смысловую и эстетическую роль мотива еды в художественном тексте. Статья, систематизируя литературоведческие подходы к изучению мотива еды в мировой литературе, способствует формированию теоретической базы данного направления в казахстанском литературоведении и предлагает методологические ориентиры для дальнейших исследований.

Ключевые слова: мотив еды, мировая литература, символика, сюжет, персонаж, авторский идиостиль, литературный анализ.

*L. K. Kumar¹, R. O. Zhumanbayeva²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 27.11.25.

Received in revised form 17.01.26.

Accepted for publication 21.05.26.

THE FOOD MOTIF IN WORLD LITERATURE: A SCHOLARLY REVIEW OF RESEARCH

The article provides a review of scholarly studies devoted to the food motif in world literature. The research is based on literary studies that examine the artistic, symbolic, and narrative functions of food in foreign literary works. The study relies on the methods of scientific review and literary analysis. The paper considers foreign studies that explore the semantic significance of the food motif in literary texts, its role in character portrayal, plot development, and the expression of the author's idea, while also systematizing the main scholarly approaches to this topic. In particular, the research analyzes studies on gastronomic motifs in the works of Joanne Harris, W. R. Katz's research on the function of food in children's literature, studies on the symbolism of food in the works of N. V. Gogol, and the works of T. G. Bochina and O. A. Dmitrieva, which examine Bacchic vocabulary from cultural-semiotic and linguopoetic perspectives. On this basis, the main theoretical aspects of studying the food motif are identified, and the artistic and semantic functions of the image of food in world literature are clarified. The results of the study contribute to a deeper understanding of the semantic and aesthetic role of the food motif in literary texts. By systematizing literary approaches to the study of the food motif in world literature, the article also contributes to the development of the theoretical foundations of this field in Kazakh literary studies and offers methodological guidelines for future research.

Keywords: food motif, world literature, symbolism, plot, character, authorial idiosyncrasy, literary analysis.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz